



ЭНЕРГЕТИКАҒА ҮЙЛЕСІМДІ ҚЫЗМЕТ ҚАЖЕТ

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен өткен мәжілісте аймақ энергетикасын дамыту және саладағы бірқатар мәселелер сөз болды.

Алдымен аймақ басшысы энергетиктерге құттықтау лебізін жеткізді.

— Энергетика қашанда әлеуметтік сала мен индустрияны алға жылжытушы күш, әрі экономиканың негізгі діңгегі болып саналады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында энергетика саласын дамыту қажеттігін айрықша атап өткен болатын. Экономиканы әртараптандыру, жаңа өндіріс орындарын ашу, алға қойған жоспарларымыздың барлығы аймақтың энергетика саласын дамытуды қажет етеді. Сондықтан соңғы үлгідегі кернеулігі жоғары электр стансасын салып, күн мен жел қуатын пайдалану жоспарларын міндетті түрде іске асыруымыз керек. Себебі өңірді дамыту үшін энергетиканы дамытуға мүдделіміз. Сіздер аймағымыздың айбынын арттырып, сымбатына сен қосып, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне серпін беретін өндіріс саласына орасан зор үлес қосып келесіздер. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ынтымалмен бірлік, қызметтеріңізге абырой мен ел ризашылығын тілеймін, — деп, сала мамандарының мерейін аскақтаста түсті. Сондай-ақ, бірқатар азаматтарды «Еңбек сіңірген энергетик», «Құрметті энергетик» төсбелгілерімен және облыс әкі-



Қолаж К.Орбасбаевтың.

мінің алғыс хатымен марапаттады.

Одан әрі сөз алған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық баскармасының басшысы Ержан Әбдіқалықов қаладағы «Қызылорда-жылуэлектрорталығы» МКК мен Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі «Қазалы-Теміржолжылу» МКК-н біріктіру барысын баяндады. Айтуынша, аталмыш кәсіпорындар облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне берілген. Соған сай негізгі қондырғыларды қабылдау мақ-

сатында арнайы комиссия құрылып, алыс-беріс актілері жасалады.

Баскарма басшысы бұдан өзге 2015-2016 жылдардағы жылу маусымының өту барысы мен кәсіпорындар арасындағы коммуналдық қарыздарды азайту мәселелерін ортаға салды. Қазір бұл бағыттағы жұмыстар штаттық режимде жүргізіліп жатқандығын айтқан Ержан Әбдіқалықов бірқатар мәселелерді жеткізді.

— Энергетикалық қадағалау және бақылау аумақтық депар-

таментінің мәліметіне сәйкес 15-30 қазан аралығында жекелеген ЭСО-лар тарапынан өтінім берілген электр қуатынан артық пайдалану бойынша 26 бұзушылық фактіі анықталған. Осылайша, кешкі сағат 19-00-ден кейін электр энергиясын артық пайдалану өсерінен жүйелік оператормен (КЕГОК) бекітілген күнделікті электр кестесіне қосымша тапсырыс бермеу салдарынан бұзушылықтар орын алды. Мұндай фактілердің жиі қайталануы облысты электр энер-

гиясымен қамтамасыз етуде үлкен мәселе туындатуы мүмкін, — деді ол. Бұл орайда «Энергосервис», «Шнелі жарығы», «Дэулетэнерго» ЖШС басшыларынан мән-жайды түсіндіруін сұраған аймақ басшысы оларды сын тезіне салды. Сонымен қатар жұмыстарына жауапкершілікпен қарауды қатаң тапсырды. Онан соң баскарма басшысы Ержан Әбдіқалықов көпшілік назарын коммуналдық қызметтерге қарыздары қордаланып қалған мекемелердің мәселесіне аударды.

— «Қызылорда жылуэлектр орталығы» МКК-ның «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ алдындағы қарызы үстіміздегі жылдың 21 желтоқсанына 1 млрд теңгені құрады. Ал кәсіпорынға деген өзге коммуналдық мекеме қарыздары 798 млн теңгеден асады. Ал «ҚЭТТ» АҚ 671 млн теңге алашағын ала алмай жүр. Бұған сай арнайы қарыздарды өтеу кестесі жасалды. Дегенмен, төлем өз деңгейінде жүріп жатқан жоқ. Мәселен, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-на «Қызылорда электр тарту тораптары» АҚ жоспардағы 49 млн теңгенің 8 млн теңгесін ғана төлеген. Ал «Су жүйесі» МКК қараша-желтоқсан айларына 21 млн теңге аударуы керек болса, осы уақытқа дейін ешқандай қаржы бөлмей отыр, — деп күрмеуі қиын жайттың өзектілігін ортаға салды.

Жағдайдың бұлайша күрделенуі себебін коммуналдық мекеме басшыларынан сұраған Қырымбек Елеуұлы мәселені тез арада шешуді қалап тапсырды. Жіын соңында тиісті тапсырмалар беріліп, бекітілген істі жауапкершілікпен атқару сала басшыларына жүктелді.

Мәлімді ҚОЖАХМЕТОВА.

● МӘСЛИХАТ

ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 43-сессиясы өтті. Сессия төрағасы депутат Медет Кәрім күн тәртібінде бір ғана мәселе — Қызылорда облысының ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымының кандидатурасына келісім беру туралы екенін жеткізді. Мұнан кейін күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ғазымбек Алпысбаев хабарлама жасады.

Хабарламашы атап өткеніндей, үстіміздегі жылдың 2 қарашасында Қазақстан Республикасының «Жергілікті полиция қызметі туралы» заңы қабылданды. Осы заңға сәйкес оның құрылымына келесі бөлімдер кіреді: учаскелік полиция инспекторы және олардың көмекшілері, ювеналды полиция, аймақтық бөлімшелер мен мектеп инспекторлары, әйелдерді

зорлықтан қорғау бөлімшесі, табиғатты қорғау полиция-сы бөлімшесі, тұрғылықты жері жоқтарды және әкімшілік жазаланғандарды қабылдау-тарту бөлімшесі. Жергілікті полиция қызметі ішкі істер органдары құрылымында қалады. Ғ.Алпысбаев жергілікті полиция қызметі басшысы мерзімді түрде халық пен мәслихаттың алдында есеп беріп отыратынын айтты.

Осыдан соң хабарламашы жергілікті полиция қызметі басшылығына ұсынылған кандидаттар арасынан Қобландин Қалижан Жәнісбекұлы кандидатурасы таңдалып алынғанын мәлім етіп, оның өмірбаянын халық қалаулылары назарына ұсынды. Полиция подполковнигі Қ.Қобландин 1980 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 2001 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін, 2006 жылы Ресей ІІМ Басқару академиясын бітірген. Мамандығы заңгер, мемлекеттік және муниципалдық басқару менеджері.

Ішкі істер органдарындағы қызметін 2002 жылы бастаған. Осы жылдары көптеген қызмет сатыларынан өткен. Соңғы атқарған қызметі Қызылорда облыстық ішкі істер департаменті Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы.

Депутаттар ұсынылған кандидатты қолдап, бірауыздан дауыс берді. Бұдан кейін сөз алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев:

— Біз Ішкі істер министрлігімен бірнеше кандидатты мұқият қарап, Қ.Қобландинге тоқтадық. Ол 35 жаста. Білімі де, кәсіби деңгейі де жақсы. Бұған дейін алты жылдан астам уақыт ішінде ішкі істер саласындағы үш бөлімге басшылық жасаған. Сондықтан жергілікті полиция қызметін жақсы біледі деп санаймыз. Сіздердің келісімдеріңізге сәйкес, Қ.Қобландинді жергілікті полиция қызметінің бастығы лауазымына тағайындаймын. Қалижан Жәнісбекұлына сәттілік тілеймін. Көрсетілген сенімді ақтайды деп ойлаймын, — деді.

Өз кезегінде Қ.Қобландин аса жауапты қызметті атқаруға сенім білдіргені үшін аймақ басшысы мен халық қалаулыларына рахмет айтып, бар білімі мен тәжірибесін жұмсайтындығын жеткізді.

Білдері ТӘЖІҰЛЫ.

● МӘЖІЛІС

Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен 2015-2016 жылдардағы қыс-көктем мезгіліндегі облыс бойынша су тасқынының алдын алу жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиында жұмылдыру жұмыстары және дағдарыс жағдайындағы шұғыл талдау орталығының басшысы Серік Сермағамбетов пен облыстық ТЖД басшысы Омар Бержанов Сырдария өзені бойындағы анықталған қауіпті учаскелер мен су тасқынының алдын алу шаралары жайында хабарлама жасады.

Облыс аумағында 2015-2016 жылдардың қыс-көктем мезгілдерінде Сырдария өзенінің суын қауіпсіз өткізуге әзірлік жұмыстарын жүргізуге орай облыстық ТЖД-ның күш-құралдары жоғары дайындыққа келтіріліп, мобильдік топтар құрылды. Сонымен қатар, «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің» жеке құрамы да әр аудан аумағында осы мобильді топтармен бірге жұмыс жүргізеді. Бұл топтарды қоса алғанда облыстық ТЖД-ның аумақтық құрылымдарында тасқын суға қарсы іс-шараларды жүргізуге толық жабдықталған күш-құралдар жасақталды. Оның құрамында 145 адам мен 41 техника бар. Департаменттің басқару бекеті мен жедел тобы — 18 адам, 9 техникамен жабдықталған. Мұндай күш-құралдар барлық аудандарда жұмыс жасайды.

С.Сермағамбетовтің айтуынша, Сырдариядағы бөгеттер ұзындығы 600 шақырымды

ДАРІЯ ДЕҢГЕЙІ БАҚЫЛАУДА

құрайды. 2015 жылы облыстық бюджеттен су тасқынының алдын алу жұмыстарына 264,2 млн теңге бөлінді. Жаңақорған ауданындағы 2 су қоймасына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде егіс алқаптарына қажет 500 мың текше метр су қоры бұрынғыдан артық жиналатын болды. Сондай-ақ, Шнелі ауданындағы «Ботабай» каналына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Қазалы ауданында өзен жағасындағы қорғаныс бөгеттері нығайтылған.

«Нарын-Сырдария» және басқа да ішкі су қоймаларындағы жағдай туралы «Арал-Сырдария» су ресурстарын қорғау және реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Жұмахан

Нүрсейітов, «Қазсушар» республикалық мемлекеттік мекемесі филиалының директоры Болат Арыстанбаев, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысы Еркебұлан Бекжанов баяндады. Олар қауіптің «Токтағұл» су қоймасында көп мөлшерде су жинақталып қалғанын орны алып отырғанын мәлімдеді. Қазір су қоймасында 13,6 млрд текше метр су бар. Сырдарияға түсіп жатқан су көлемді азайту үшін бірқатар бөлігі «Шардар» су қоймасы және «Көксарай» қарсы су реттегішіне жіберіледі. Осының нәтижесінде Сырдарияға түсіп жатқан су көлемі секундына 650-700 текше метрді құрайды. Мамандардың пікірінше, оңтүстік аудандарда қауіпсіз жағдайды

қалыптастыру үшін олардың көлемін 600 текше метрге дейін түсіру қажет.

Қызылорда су торабынан қазір секундына 515 текше метр, Өйтектен 430 текше метр, Ақлақтан 340 текше метр су өтуде. Суды қабылдауға су қоймалары, каналдар, көл жүйелері дайын. Соған қарамастан «Жиделі» және «Бесарық» су қоймалары өзінің жобалық қуатынан төмен деңгейде жұмыс істеп жатқаны атап көрсетілді.

Жиынды қорытындылаған аймақ басшысы аудан әкімдері мен сала басшыларына су тасқынының алдын алу, үлкен суды өткізу шаралары бойынша нақты тапсырмалар берді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.



САЯСИ КЕҢЕС БЮРОСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Кеше «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы саяси кеңесі бюросының отырысы болып өтті. Отан филиал төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, облыстық мәслихат депутаттары, түрлі сала басшылары қатысты.



Бюро отырысында «Нұр Отан» партиясының сайлауалды тұғырнамасын жүзеге асыру бағытындағы бастамалар жайлы аймақтық сарапшы топ тәлімгерлердің есебі тыңдалды. Қазіргі кезде өңірімізде сайлауалды тұғырнаманы жүзеге асыру бағытында 12 сарапшы топ жұмыс атқарды. Топқа облыстық мәслихат депутаттары жетекшілік жасайды. Сонымен қатар бұған дейінгі бюро отырысында «Азаматтарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету», «Жұмыспен қамту және тұрғындар кірісі», «Ауылды қолдау» бағытындағы есебі тыңдалған болатын.

«Үлт денсаулығы» бағытындағы аймақтық сарапшы топ тәлімгері, облыстық мәслихат депутаты, қалалық аурухананың бас дәрігері Асылбек Тоғызбаев өз хабарламасында қазіргі таңда балалар арасындағы тіс ауруы, қант диабетінің жастарды деңдеуі және жас аналардың дер кезінде медициналық тексерулерден өтпеуі салдарынан көптеген ауруларға жол берілетіндігін айтып өтті. Осы мәселелердің алдын алу үшін қандай жұмыстар жасалу керектігін де жеткізді. Филиал төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев хабарламада аталған ұсыныстарды назарға ала отырып, тиісті мамандарға тапсырма берді. Күн тәртібіндегі екінші мәселе 2016 жылға арналған партия филиалының бюджет жобасы туралы облыстық партия филиалының бас есепшісі Әсел Кәрімова хабарлама жасады.

Мұнан кейін филиал төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев партияның белсенді мүшелері Сайлаубай Әбішев пен Аида Әбидуллаеваны «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен марапаттап, бірқатар азаматтарды партия қатарына қабылдады. Сонымен бірге қоғамдық қабылдауға қатысқан аймақ басшысы азаматтардың арыз-шағымдарын, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, олардың оң шешімін табуға ықпал ететінін жеткізді.

Сара АДАЙБАЕВА.

● АКТИВ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ОРЫНБАСАРЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі негізінде Қызылорда облысы әкімінің орынбасары лауазымына Ысқақов Қуанышбек Досмайыұлы тағайындалды.

Кеше аймақ басшысы облыс активіне жаңа орынбасарды таныстырды.

Қуанышбек Досмайыұлы салық саласында жеткілікті тәжірибе жинақтаған маман. Әр жылдары Қазақстанның бірнеше аймағында салық департаменттерінде басшылық жасады. Кезінде Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарды. Тағайындалғанға дейін Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының басшысы қызметінде болды. Ол экономика, қаржы, сондай-ақ жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау салаларына жетекшілік ететін болады.

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев жаңа орынбасары Қуанышбек Ысқақовтың қызметіне сәттілік тілеп, осы кезге дейін жинақтаған мол тәжірибесін Сыр өңірін өркендетуге жұмсайтынына сенім білдірді.

Айта кетейік, осыған дейін облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген Наталья Годунова «Нұр Отан» партиясының хатшысы қызметіне тағайындалған болатын.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЖЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жер қатынастары саласындағы мәселелерге арналған мәжіліс өтті. Басқосуға баскарма басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері және селекторлық байланыс арқылы аудан әкімдері қатысты.

Жиында алдымен облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Қайрат Тоғызбаев саладағы атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, баскарма тарапынан жыл басынан жер телімдеріне бақылау жүргізілген. Нәтижесінде 84,7 мың жер учаскесі бойынша 445 заң бұзушылық анықталған. Соның ішінде 164 заң бұзушылыққа қатысты 27 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған. Қалғандарына ескертулер мен арнайы нұсқамалар берілген.

Бұдан бөлек, Қайрат Әбенұлы шамамен 88 мың гектарға жуықтайтын 169 ауылшаруашылық мекендеріндегі жер учаскесінің мемлекет меншігіне қайтарылғанын жеткізді. Оның 77395 гектары жер пайдаланушылар өз еріктерімен берген. Баскарма басшысы саладағы келеі мәселелер жайын да кенінен айтты. Мысалы, жер учаскелеріне паспорттар жасауда аудандар мен қала әкімдіктері жұмысты ширатқаны жөн. Егістік жерлердің құнарсыздануына жол бермеу, жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларының сақталуы да назардан тыс қалмауы тиіс.

Ал Қызылорда облысының прокуроры Сапарбек Нұрпейісов жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы тарапынан анықталған заңсыздықтар бойынша уақытылы әрі тиісті қатан шара қолданылмағанын айтып, тиісті мамандарды сын тезіне салды.

Облыстық прокуратураның басқарма басшысы М.Ерназаров жер қатынастары саласында жіберілген олқылықтарды, қаладағы заңсыз бой көтерген нысандарды тізіп өтті. Соның бірі — облыс орталығындағы Титов аумағында заңсыз салынған үйлер. Бұған қоса, әкімдіктер тарапынан кейбір азаматтарға кезегінен бұрын жер телімінің берілу деректері анықталды.

Мәжілісте Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Асылбек Шаменовтің айтуынша, шаһарда тұрғын үй салу үшін жерге өтініш бергендердің саны 48 мыңға жеткен. Қазір «Қызылорда-Жезқазған» автожолы бойындағы 980 гектар жерді игеру үшін жоспар жасалып жатыр. Құжаттық жұмыстары алдағы жылы аяқталса, кезекте тұрған азаматтарға тұрғын үй салуға жер беріле бастайды.

— Облыста жер мәселесіне қарайтын екі бірдей басқарма бар. Әрқайсысының атқаратын өз міндеттері белгіленген. Облыс көлемінде заңсыз қарындарды анықтауға арналған бағдаржол, жерді ұтымды пайдалану және оның құнарлылығын сақтауға арналған ведомствоаралық іс-шаралар бекітілді. Жұмысты қалай жасау керектігі жөнінде жүйе бар. Тиісті қаражатты шешілген. Сондықтан, жұмысты сылбыр жасауға жол жоқ. Ал инфрақұрылымсыз жер беруге болмайды. Жылу, су, электр желісі жоқ жерде тұрғындар қалай тұрады? Оларды сергелденге салмау керек, — деген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев басқармалар басшылары және аудандар мен қала әкімдеріне тиісті тапсырмалар жүктетті.

Дәурен ОМАРОВА.

ТАҒАЙЫНДАУ



Облыс әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша экономика, қаржы, сондай-ақ, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау салаларына жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасары лауазымына Ысқаков Қуанышбек Досмайұлы тағайындалды. Қ.Ысқаков 1968 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтын – инженер-құрылысшы, Қызылорда политехникалық институтын – бухгалтер-экономист, Қазақстандық инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетін заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

1986-1988 жылдары Ауғанстанда Кеңес жауынгерлерінің шектеулі құрамында әскери борышын өтеген. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Еңбек жолын 1985 жылы Қызылорда жиһаз фабрикасында 1-ші разрядты станокшы ретінде бастаған. 1993-2003 жылдары Қызылорда облысы бойынша салық комитетінде маман, инспектор, сектор меңгерушісі, төраға орынбасары қызметтерін атқарған. 2003-2011 жылдары – Батыс-Қазақстан облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, Қызылорда облысы бойынша салық департаментінің бастығы, 2011-2015 жылдары – Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары, Қызылорда облыстық қаржы басқармасының бастығы, Маңғыстау облысы бойынша салық департаментінің басшысы, Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2015 жылдың ішінде айынан жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСТІ



Қазақстан Республикасының «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңында 2016 жылдың I қантарынан бастап айлық есептік көрсеткіштің мөлшері (әрі қарай-АЕК) – 2121 теңге болса, ең төменгі зейнетақы – 25824 теңге, күнкөріс деңгейі – 22859 теңге, базалық зейнетақы төлемі – 11965 теңге, ең төменгі жалақы 22859 теңге болып белгіленді.

Сонымен қатар, Президент Жолдауында 2016 жылғы I қантардан бастап инфляция деңгейінен 2% оза отырып, ынтиммақты зейнетақының индекстеуді жариялады. Осыған байланысты, 2016 жылдың I қантарынан бастап зейнетақы төлемдерінің алып отырған мөлшері 9%-ға арттырылады. Мысалы: зейнеткердің зейнетақы мөлшері 2015 жылғы желтоқсан айында базалық зейнетақы төлемімен қосқанда (63754+11182)=74936 теңгені құраған болса, 2016 жылдың I қантарынан бастап 9 пайызға көбейткенде 63754 x 9%=69492 теңге, оған 11965 теңге базалық зейнетақы төлемін қосқанда (69492+11965)= барлығы 81457 теңге алатын болады, яғни 6521 теңгеге көбейеді.

Орташа зейнетақы мен базалық зейнетақы төлемін қосқанда (43723+11182)=54905 теңге мөлшерінде зейнетақы алушы, келесі жылдан бастап 9 пайызға арттырылғанда 43723x9%=47659 теңгені, оған 11965 теңге базалық зейнетақы төлемімен қоса, барлығы (47659+11965)=59624 теңгені құрап, 4719 теңгеге ұлғаяды. Базалық зейнетақы төлемімен қоса (23692+11182)=34874 теңге мөлшерінде зейнетақы алатын зейнеткердің зейнетақысы 9 пайыз есебімен 23692x9%=25825 теңге, оған базалық зейнетақы төлемін қосқанда (25825+11965)=37790 теңге болады немесе 2916 теңгеге арттырылады.

2016 жылдан бастап тағайындалатын зейнетақы есептеу кезінде алынатын табыстың ең жоғары мөлшері 86961 теңгемен шектеледі (2121 теңге АЕК x 41 еселенген). Осы табыстан есептелетін зейнетақының ең жоғары мөлшері базалық зейнетақыны қоспағанда 65221 теңгені құрайды (86961x75%), яғни ең жоғары табыстың 75 пайызынан аспауы тиіс.

Мемлекет басшысы Жолдауында адамдардың өмір сүру сапасының жақсарылуына басты назар аударды. Оның ішінде асыраушысынан айырылу бойынша төлем алушыларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға алдағы жылда мүддектік және асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік жәрдемақы мөлшерлерін 25 пайызға ұлғайтуды қамтамасыз етуді атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында

бүгінгі күні облыс көлемінде 23 мыңға жуық мүддектігіне, 8 мыңнан астам адамға асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерлері қайта қаралды.

Мүддектігіне, асыраушысынан айырылуына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың төлемдері осы кезеңге дейін жағы сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты арттырылса, ал 2016 жылдан бастап аталған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері күнкөріс деңгейі мен коэффициенттердің ұлғаюына байланысты көбейтіледі.

Мысалы: жалпы ауру салдары бойынша I топ мүддегінің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысының мөлшері 2015 жылға (1,42 коэффициентпен) 30337 теңгені құрса, ал 2016 жылдан (1,78 коэффициентпен) 40690 теңге болады, яғни 10353 теңгеге көбейеді. II топ мүддегерінің коэффициенті 1,11-ден 1,39-ға ұлғайтылып, 2016 жылға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысының мөлшері 8060 теңгеге көбейіп, 31750 теңгені құрайды.

Ал мүддек баланы тәрбиелеп отырған ата-анасына, қамқоршысына берілетін жәрдемақының мөлшері ең төменгі жалақының 1,05 еселенген мөлшерінде есептеліп, 24002 теңге болады.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларға отбасының еңбекке жарамсыз, оның асырауында болған I мүшесі үшін коэффициент 0,69-дан 0,86-ға өзгеруіне сәйкес жәрдемақысының мөлшері 14742-ден 19659 теңгеге арттырылып, яғни 5738 теңгеге көбейді. Одан әрі отбасының еңбекке жарамсыз, оның асырауында болған мүшелерінің санына қарай коэффициенттерін өзгеруіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысының мөлшері де өзгереді.

№1, №2 Тізім бойынша (Ерекше ауыр және зиянды жұмыс істеген адамдар үшін) мемлекеттік арнайы жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, сондай-ақ балалар жәрдемақыларының мөлшері айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне сәйкес көбейеді.

Атап айтқанда, бала туылғанда берілетін бір жолғы жәрдемақы мөлшері бірінші-үшінші бала туылғанда 66621 теңге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда 111035 теңге болады.

Бала бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақының мөлшері туу кезектілігіне байланысты: бірінші балаға 12217 теңге болса, екінші балаға 14445 теңгені, үшінші балаға 16650 теңгені, төртінші және одан да көп бала туылғанда 18877 теңгені құрайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері келесі жылдан 7 пайызға арттырылады.

Лиман БОРАНБАЕВА, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының орынбасары.

● БРИФИНГ

ЖАҢАҚОРҒАН ЖАҢАША ДАМУ ЖОЛЫНДА

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте Жаңақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемов ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларымен таныстырды.

Аудан әкімінің айтуынша ағымдағы жылдың 11 айында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері оң қалпына ие.

– Облыс халқының үлесі ең жоғары аудан бола тұра, көшіп келушілер мен көшіп кетушілер арасындағы көші-қон айырмасы өзге аудандардан төмен болуы, жалақының жоғары деңгейі, ауылдық жерлерге жұмыс істеу үшін келген жас мамандар санының артуы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының ілгерілегенінің нақты дәлелі, – дейді Руслан Рүстемов.

Дегенмен, аудан әкімі проблемалық мәселелердің бар екенін де жасырмады. Атап айтқанда, облыс әкімінің 2015 жылға арналған іс-қимыл жоспарында ауданға қатысты бірқатар инвестициялық жобалар енгізілгенімен, қалыптасқан қаржылық жағдайға байланысты республикалық бюджеттен жаңа нысандар құрылысына, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға арналған мақсатты трансферттер қысқарған. Осының салдарынан ауданға жоспарланған инвестициялық жобалар кейін-

ге қалдырылып, негізгі капиталға инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 23,6 пайызға төмендеген. Сонымен бірге қазіргі таңда ауданның бөлшек сауда айналымында 91,5 пайызды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 8,5 пайызға төмен орындалып отыр.

Денсаулық сақтау саласына аурушандықтың алдын алу мақсатында 102 млн 119 мың теңгеге заманауи медициналық құрал-жабдықтар алынып, аудан дәрігерлері күрделі ота жасау мүмкіндігіне ие болуда.

Білім саласында білім беру сапасын көтеруге бағытталған жұмыстар өз нәтижесін беріп отыр.

– ҰБГ нәтижесі бойынша аудан көрсеткіштері 81,6 балды құрады. Өткен жылғы орташа көрсеткішпен салыстырғанда 13,1 балға өскенін атаған дұрыс. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орнына түскен мектеп бітірушілер саны 75-тен 293-ке өсіп, төрт есеге дейін артты, – дейді Руслан Рүстемов.

«Серпін» бағдарламасы бойынша 191 түлек жоғары және арнаулы орта оқу орнынан түскен. Бұл көрсеткіш 2014 жылы 26-ны құраған.

«Жаңалық және еліміздің қаржылық дағдарысқа қарамастан аймақ басшысының қолдауымен ауданда бюджет қаражаты есебінен бірқатар инвестициялық жобалар іске асырылып жатыр» – дей келе, аудан

әкімі газдандыру жұмысының қарқынына тоқталды. Аудан басшысының айтуынша, облыс әкімінің тікелей қолдауының арқасында келер жылы қолға алынады деп жоспарланған газдандыру жобасы мерзімінен бұрын биыл басталды. Осы мақсатта «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы облыс бойынша жобалық құны 23,5 млрд теңгенің құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізсе, соның 3 млрд теңгеге жуығы Жаңақорған ауданының үлесінде. Бүгінде кент орталығына жоспарланған 283,4 шақырым газ құбырының 280,4 шақырымы жүргізілген.

Аудан көлемінде бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жемісті жүзеге асырылуда. Мәселен, «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 16 жобаға 113 млн 600 мың теңге несие алынған. Жылдық жоспарда 450 бас мүйізді ірі қара сатып алу белгіленген болса, 856 бас мал алынған, нәтижесінде бағдарламаға қатысу көрсеткіші бойынша республикада – 26, облыста бірінші орыннан көрінеді. «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 5 жобаға 30 млн 900 мың теңге несие алынған. Бұл



бағытта да Жаңақорған ауданы облыста ең жоғары көрсеткішке жетіп отыр. «Құлан» бағдарламасы бойынша жылдық жоспар 125 пайызға орындалған.

Жаңақорған ауданы бойынша мемлекеттік бюджетке түскен салықтық және салықтық емес түсімдер көлемі өткен жылмен салыстырғанда 182,8 пайызға артса, шығындар бөлігі 11 айда 98,5 пайызға игерілген.

Айгүр БАТТАЛОВА.

ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫНА 100 млрд теңге инвестиция тартылды



Қызылорда облысында Индустрияландыру бағдарламасы белсенді түрде іске асырылуда. Үстіміздегі жылдың 11 айында индустрияландырудың бірінші бесжылдығы аясында облыста іске қосылған 17 жобаның 14-і тұрақты өнім шығаруды қамтамасыз етті. Есепті кезеңде іске қосылған жобалар 14,6 млрд теңгенің өнімін өндірілді. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,5 есе өскен. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 11 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңі көрсетісінен 1,9 есе артық.

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Мұрат Имандосов осындай деректерді жария етті. Басқарма басшысы индустрияландырудың екінші бесжылдығы аясында облыста құны 150 млрд теңгені құрайтын 38 жоба іске асырылып, оның аясында 4 мыңға жуық жұмыс орнының құрылуы күтілуде екенін жеткізді.

Бағдарламаның талаптарына сәйкес Индустрияландыру картасына өңдеуші өнеркәсіптің металлургия, мұнай-химия, машина жасау, материалдар құрылысы, тамақ өнеркәсібі секілді 14 сектордан тұратын 6 басымдығы таңдалынған. Жобалардың салалық құрылымында аймақтық ерекшеліктерге сәйкес жоғары үлес – құрылыс материалдарын өндіруге – 48 пайыз және тамақ өнеркәсібіне 19 пайыз тиесілі болып отыр.

Екінші бесжылдықтың ерекшелігі – Индустрияландыру картасы жобалары бойынша мемлекет пен бизнестің ара жігі ажыратылған. Мемлекет мемлекеттік қолдау шарасын көрсетуге жауапты болса, бизнес белгіленген мерзімде жобаны іске қосуға және табысты жүзеге асыруға міндетті. Бүгінгі күні өңірлік Индустрияландыру картасындағы 37 жобаның ішінде 16 жоба жер телімдерін аукционсыз аласа, 3 субъект жер қойнауын пайдалану құқығына тікелей келіссөз арқылы ие болды.

Брифингте сонымен қатар, облыс көлемінде жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға ықпал жасау, оларды сыртқы инженерлік инфрақұрылымы жеткізілген дайын аймақтарға орналастыру мақсатында индустриялық аймақ құру жұмыстары белсенді жүргізіліп жатқаны айтылды. Бүгінгі күні облыс көлемінде индустриялық аймақтар құру үшін барлығы 906 гектар жер телімі бөлініп, оның ішінде 148,6 гектарға жобалар орналастырылған.

Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі – инвестиция тарту жұмыстарын жандандыру болып табылады. Алдағы уақытта облысқа инвестиция тарту мақсатында облыс әкімі жанында Инвестиция тарту бойынша Бірыңғай кеңес құрылады. Осы кезге дейін өткізілген 6 форум нәтижесімен 67 келісім-шарт пен меморандумдарға қол қойылып, облыс экономикасына 100 млрд теңге инвестиция тартылды.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ.

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ



«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Ержан Абдрахманов жыл қорытындысы мен атқарылған жұмыстар туралы журналистерге баяндады.

Өтіп бара жатқан жылда өңірде 8 клуб пен 1 кітапхананың құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ал Жаңақорған ауданындағы Талап ауылдық клубының құрылысы алдағы жылы бітеді деп жоспарлануда. Облыстық, республикалық бюджеттерден бөлінген қаржыға 12 мәдениет нысанына, аудандық бюджеттерден 4 клубқа күрделі жөндеу жүргізілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Шіелі ауданындағы Н.Бексезанов мемориалдық музейі күрделі жөндеуден өтіп, барлық залдары өзгертілді.

Мәдениет саласының сан қилы жұмысы жауапты мамандардың біліктілігімен, белсендігімен атқарылатыны белгілі. Жыл басында облыстық тарихи-өлкетану музейінің көркемсурет галереясына 8 штаттық бірлік және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесіне 7 штаттық бірлік берілген еді. Руханият саласының тағы бір жаңалығы – Ө.Тәжібаев атындағы облыстық эмблея ғылыми кітапханасында Қазақстанның халық жазушысы Қ.Мұхамеджановтың жеке кітапханасы ашылды.

Сыр өңірі тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлке болғандықтан, олардың ауқымды бөлігі

мемлекет қорғауына алынған. Қармақшы ауданында орналасқан «Қорқыт ата» мемориалдық кешенінің толық реконструкциядан өткізіліп, қайта жаңғыртылып, қорғау аймағы белгіленуі зиярат мекенінің тартымдылығын арттырды. Жанкент, Шірік-Рабат, Сығанақ қалашықтарын археологиялық зерттеу жалғасын тапты.

Басқарма басшысы Қазақстанның халық жазушысы Ө.Нұрпейісовтің әдебиет үйінің ашылуы, «Сонғы парыз» романының кейіпкерлеріне арнаған ескерткіш-белгінің қойылуын, белгілі тұлғаларды есте қалдыру шараларының маңызын атап өтті.

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, Астана және Тараз қалаларында өткен мерейтойлық шараларға Сыр елінің өнер шеберлері қатысты. Өткен жылдың айтулы жетістіктерінің бірі ретінде облыстық театрдың Британ корольдігінің музыкалық театры сахнасында өнер көрсеткенін айтуға болады. Д.Исабековтің «Ескі үйдегі екі кездесу» драмасы талғампаз Лондон жұртына ұсынылған тамаша тарту болып бағаланды. Сондай-ақ филармония артистері Түркия және Өзбекстанда гастрольдік сапарда болды. Бұл ұжым өзінің жексе ғимаратына қоныс аударды.

Сыр елінің талантты өрендері халықаралық конкурстардың жүзделерін жеңіп алып, аймақ даңқын асқақтатқан аға ұрпақтың үрдісін жалғасты. Облыс орталығында тұңғыш рет ашылған көркемсурет галереясында айтулы мерекелерге арналып қолөнер шеберлерінің көрмесі, танымал коллекционерлердің зергерлік бұйымдарынан және атақты суретшілердің қайталанбас туындыларынан көрме ұйымдастырылды.

“Электрондық мұрағат” ақпараттық жүйесі бойынша мұрағаттық құжаттарды автоматтандырылған ақпараттық сандық жүйеге енгізу уақыт талабына айналып отыр. Құжаттарды цифрлық форматқа өткізу жалғасуда. Қызылорда қаласында сыйымдылығы 600 мың құжатты қамтитын жаңа типтегі “Мұрағаттар үйі” ғимаратының құрылысы алдағы жылы аяқталады.

Брифинг соңында БАҚ өкілдері музыка мектептері, саланы мамандармен қамтамасыз ету туралы сауалдар қойды. Басқарма басшысы алдағы жылдың барлық шаралары Тәуелсіздіктің ширек гасырлық мерекесіне орайластырылатынын атап айтты.

М.МЕРЕЙ.

«БАЙҚОҢЫРДЫҢ» ЖОБАЛАРЫ ЖЕМІСТІ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында «Байқоңыр» ӘКК төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Ахатов әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттерді жайлы ақпарат құралдарының өкілдеріне есеп берді.

Нұржан Ахатовтың айтуынша, «Байқоңыр» ӘКК 2013 жылдан бері қызметі шығынсыз деңгейге шыққан республикалық әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың бірі. Жұмыс менеджменті жақсарған мекеменің жобалары жемісті, бастамалары байын-ты.

– Корпорацияның мақсаты – инвестиция тарту, өндірістерді жаңғырту, жаңасын ашу және сол арқылы халықты жұмыспен қамту, – дейді Н.Ахатов.

ТҰТЫНУШЫ МҮДДЕСІ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Кеше “Сыр медиа” ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында ҚР Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрлан Пірімов баспасөз мәслихатын өткізді.

Департамент басшысы үстіміздегі жылы реттелетін қызметтер тарифтерін бекіту, энергия сақтау, табиғи монополия нысандарының инвестициялық міндеттемелерін орындау бағытында атқарылған іс-шараларға тоқталды. Жыл ішінде департамент 19 табиғи монополия нысандарының тарифін бекітті. Тексерулер нәтижесінде тұтынушылардан заңсыз алынған 1,4 млрд теңге қайтарылды. Оның ішінде 363,1 млн

теңге табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық міндеттемелерін орындамағаны үшін алынған болатын.

Департамент коммуналдық қызметтің өлшеу құралдарын орнатуды тұрақты бақылауда ұстады. Осының нәтижесінде суық суды пайдалану құралдарының 97,1 пайызы орнатылды. Жалпы көпқабатты үйдің жылу өлшеу құралдарын орнату қажеттіліктің 37,7 пайызын құрап отыр. Жыл ішінде 9 ұзақ мерзімге арналған инвестициялық бағдарламалар бекітілді. Олар негізінен жылумен, сумен, электр энергиясымен жабдықтау салаларын құрайды.

Сонғы уақытта департамент бағалардың негізгі өсуіне қатысты бірқатар тексерулер жүргізді. Атап айтқанда, АИ-92/93 маркалы бензинді бөлшек саудада сату, тауық

жұмыртқасын көтерме саудада сату, құс етін және қант сату, автокөліктерді сығымдалған мұнай-газбен жабдықтауды бөлшек сауда бағалары бойынша бірқатар тексерулер жүргізіліп, олардың нәтижелері бойынша тиісті шешімдер қабылданды. Олардың монополияға қарсы заңдылықтарды бұзып отырғаны, бәсекелестікті тежейтін іс-қимылға барғаны атап көрсетіліп, шара көру үшін шешімдер қабылданды.

2015-жылдың көлемінде көптеген әкімгершілік құқық бұзушылық жағдайлар анықталып, барлығы 53,5 млн теңге айыппұл салынды. Департамент мемлекеттің монополияға қарсы саясатын тиімді жүргізу мақсатында тиісті шараларды алдағы уақытта да жүргізе беретін болады.

Ж.ӘЛМАХАН.



тұрғын үй шағын ауданының құрылысын жүзеге асыруды жоспарлауда.

Дәурен ОМАРОВ.

ҚОҒАМ ДАМУЫН АЙҚЫНДАУШЫ ҚҰЖАТ

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы келіп мәселелерді шешуге негізделі отырып, заман талаптарына қарай тың бастамаларға құрылады. Баршасына ортақ ерекшелік – бірінші орынға қойылатыны адам мәселесі. Адам құқығы мен әлеуметтік жағдай бір-бірімен тығыз байланысты. Ол өз кезегінде экономикалық ахуалмен өзара сабақтас құбылыстар. Ел жағдайын жақсартудың нақты тетіктері ретінде қарастыра отырып, Елбасы «Экономикалық тәуекелдерге, жалпы, ештеңеге де қарамастан, біз халықты әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруды жалғастырамыз» – деп атап көрсетті. Қазіргі қаржы саласының айтарлықтай қиындықтарына қарамастан жалақыны 30 пайызға дейін көтеру азаматтарды қолдау туралы идеяның әуелі бастан беріктігін дәлелдей түседі.

Халықтың тұрмысы мен еңбегіне қолдау көрсетпей, басты мақсатқа жету мүмкін емес. Кәсіптік білімге назар аудару, жастарды ғылыми-инновациялық тұлғаға айналдыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі, оның Елбасы Жолдауынан көрініс табуы – мемлекет пен халық арасындағы тығыз байланыстың көрінісі.

Жолдауда тұрғын үйге бай-

ланысты даулардың барлығында, мүмкіндігінше қарапайым азаматтардың зарлап шекпеуіне баса көңіл бөлінгенін білеміз. Жолдауда теріс ниетті құрылыс салушыларға алданған мыңдаған үлескерлердің мемлекеттік қолдаудың арқасында ғана жана тұрғын үйлерге қол жеткізгені туралы айтылды. Қазіргі алмағайым уақыт талаптары мұндай кеңшілікті көтермейтіні анық. Сондықтан, жана әлеуметтік саясат жасау міндетін қоя отырып, мемлекеттің әлеуметтік саладағы ролі әлсіз қорғалған азаматтарды қолдаумен және адам капиталына инвестицияларды қамтамасыз етумен шектелуі тиіс. Атауды әлеуметтік қолдау тек мұқтаж адамдарға, олардың нақты табыстары мен өмір сүру жағдайын бағамдау негізінде ғана көрсетілетіні қатаң ескерілді.

Жалпы, Жолдау талаптары қоғам үшін аса маңызды салалардың өмір сүру құқығын қуқықтық тұрғыдан қарайтын уақыттың жеткенін айғақтайды.

Елжан ӘЖІБЕКОВ,
Қызылорда қалалық
прокурорының
орынбасары,
кіші әділет кеңесшісі.

Сейсенбі күні төрт дүркін Әлем, екі дүркін Олимпиада чемпионы Илья Ильин Қазақ спорт және туризм академиясында философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

ИЛЬЯ ИЛЫН ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАДЫ



Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім алып жүрген Сыр толағайының ғылыми жұмысының тақырыбы «Жоғары кәсіби ауыр атлеттерді даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі» деп аталады.

Білім алу жылдарында Ильин 13 ғылыми еңбегін жариялаған, соның бірі Scopus мәліметтер базасына, төрт мақала Бақылау комитетінің журналына, бір жұмысы ауыр атлетикаға арналған оқулыққа енгізілді.

Илья Ильиннің ғылыми кеңесшісі, педагогика ғылымдарының докторы, КазСТА-ның профессоры, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі

Станислав Хаустов шәкіртін талапты, ізденімпаз, мақсатына ұмтылған студент ретінде сипаттады. Ал шетелдік кеңесшісі, «Васили Левски» (Болгария) Ұлттық спорт академиясының профессоры Колев Николай Недков диссертациялық жұмыстың маңыздылығын, жаңашылдығын жоғары бағалай келе, оның жоғары практикалық өзектілігін де атап өтті.

Кеңестің бірауыздан қабылдаған шешімі бойынша Илья Ильинге философия PhD докторы ғылыми атағы берілді.

Сонымен қатар, докторлық диссертация қорғау кезінде Илья Ильин ақпарат құралдарының өкілдеріне баспасөз мәслихатын өткізіп, онда спорттық қарьерасын қашан аяқтайтынын мәлімдеді.

– Ғылыми еңбегім өз жемісін береді. Өйткені, онда жеңіске жетудің жүйесі жазылған. Бұл – менің жаттықтырушылық жолыма жасалған бастапқы қадам. Шындығына келсек, мен 32 жасымда спортшы әрі жаттықтырушы ретіндегі қарьерамна, бір жұмысы ауыр атлетикаға арналған дамда менеджер болып жұмыс істеймін деп ойлаймын, – деді Илья Ильин.

Олай болса, Сыр толағайының алдағы жоспарларына сәттілік тілейік.

Дәурен ОМАРОВ.

БІЛІМДІНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРЫҚ

Қай заманда болмасын адамның ақыл-ойымен бірге алған білімі де жоғары бағаланған. Дана жұртымыз «Білекті бірді жығалы, білімді мыңды жығалды» деп, білім алудың артықшылығына аса мән берген. Бұған Елбасы Н.Назарбаевтың «Ел болашағы – білімді жастарда» деген ұлағатын сөзін қоссаңыз. Баскегеке қабылтеті шәкірт тәрбиелеу – барлық білім беру орындарының басты мақсаты. Білім бөйгесінде өзіндік орны бар білім ошактарының бірі қаламыздағы №4 облыстық дарында балаларға арналған мектеп-интернаты. Озық ойлы шәкірттеріміз осы білім ордасының атын еліміздегі және халықаралық деңгейдегі түрлі сайыстарда биікке самғатып жүр.

Мектеп-интернатқа қабылданғаннан бастап ізденімпаздығымен көзге түскен оқушының бірі – 8 сынып оқушысы Әйгерім Қыпшақбаева.

Ал сыныптың үздік оқушысы, топ басшысы, мектепшілік «Дарынды оқушы» сайысының бірнеше мәрте жүлдегері. Биылғы оқу жылында «Зерде» ғылыми жоба сайысында облыста I орын, республика бойынша II орын иегері атанып, Көкшетау қаласына жолдама алды. Сонымен бірге Әйгерім осы жылы республикалық «Ақбота» интеллектуалдық марафонына қатысып, облыс бойынша жоғары балға ие болуы мектебіміздің мерейін өсірді. Сол марафонының нәтижесінде 12-16 желтоқсан күндері Санкт-Петербург қаласына 35 оқушы жолдама алса, соның бірі – Ә. Қыпшақбаева.

Ресейдің солтүстік астанасында болған Әйгерім: «Басқа елде саяхаттау керемет. Дегенмен, өз еліңе, өз тіліңе сен нәрсе жетпейді екен», делі. Бұдан мен дарынды шәкірттіңіз ұлтжанды, өз тіліне, еліне деген сүйіспеншілігінің жоғары екендігін байқадым. Оқушылардың арасында ол өзінің кішіпейіл, білімге құмар, адал мінезімен әрдайым көзге түседі. Топ басшысы ретінде Әйгеріммен ой бөлісіп, кейбір мәселелерді бірлесіп шешіп отырамын. Ой бөлісу сәтінде Әйгерім: «Білім алмаға шөл даладағы іздейтін сусын секілді, құмариңды қандыру үшін үнемі ізденіп оқысын, қызығасын, талпынасың» деген еді. Әрине, бұл – озық ойлы оқушыға тән қасиеттің бірі. Ал біз Әйгерімнің әлі талай биіктерді бағындыратынына сенеміз.

Айжан МОЛДАШОВА,
№4 мектеп-интернаттың мұғалімі.



лиция генерал-майоры Әмірзақ Бөсанбетов, «Данқы қанша аспандан түрсе да, дарақылықтан ада, ғұмыр жоқы дара тұлға еді», - деп еске алады.

«Елім деп соққан жүрек» атты кітап генералдың майдандастары, әріптес-достары, бауырларының әр кездері жазылған естеліктерінен тұрады. Жинақты еңбек әрдагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Рүсиды Қарымов құрастырған.

Сыр елінен шыққан тұңғыш генерал Нұрұлла Алмағамбетов қатаң да қатал қызметіне қарамастан, үлкен жүректі мейрімді иесі болғанын көптеген ерліктері дәлелдейді. Балалар колониясындағы бүлікте, бір өзі қарусыз басып, жеткіншектердің өмірін аман алып қалған. «Естелік кітап елі үшін де, ұрпақтары үшін де құнды, – дейді генералдың ұлы Бақытжан Алмағамбетов.

Шарада генералдың құрметіне арналып суретті кітап көрмесі және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Сондай-ақ, келген қонақтарға «Елім деп соққан жүрек» кітабы сыйға тартылды.

Еліне елеулі қызмет еткен генерал Н.Алмағамбетовтың ардақты есімі мен гирбатты өмірі талай ұрпаққа енеге болары сөзсіз.

Нұрбек САҒАТУЛЫ.

«КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК»

81 МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНҒА ЖОБА АЯСЫНДА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Жуырда Жаңақорған ауданында арнайы қайырымдылық шарасы өткізілді. Оған «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Руслан Рүстемов қатысып, мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлықтар туралы айтты. «Қоғамдағы аудақараусыз ешбір жан қалмауы тиіс. Осы бағытта ауданда жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, келесі жылы мүмкіндігі шектеулі 15 балаға ауданымызда орналасқан шипажайда ем алуына, демалуына жағдай жасалынады», – деді ол.

Шара барысында мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдерге аудан әкімі атынан арнайы сыйлықтар та-

быс етілді. Ал шараға қатысып, қамқорлық көрген жандар өздеріне мейірімділік танытып, құрмет көрсеткен жергілікті билік өкілдеріне алғыстарын білдірді. Сондай-ақ, осы шараны ұйымдастыруға ұйтық болған «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мәжіт Балқожаева да ризалық танытты.

Жаңақорған ауданы бойынша бүгінгі таңда әлеуметтік қызметті қажет ететін азаматтар саны 226-ы болса, оның 81-і кент тұрғыны.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.



БІЗ АШЫЛДЫҚ!

ЖАҢА ЕМШАРА КАБИНЕТІ

Біздің мекенжайымыз: Қызылорда қ., М. Қожа к., 2А (№ 3 емханаға қарама-қарсы)

МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМАЛАРДЫҢ КЕҢ СПЕКТОРЫ Байланыс орталығы: 59-79-69

Сондай-ақ біздің емшара кабинетімізде ЭКГ, ХОЛТЕР, ҚҚТМ (СМАД) функционалдық диагностикалау бойынша қызметтер орындалады.




АЛИК-МАЛИКТЕН ОЙЫН АВТОМАТТАРЫНА ДЕЙІН...

Балалық шағымыз ауылда өтті. Күні бойы ойыннан қолымыз тимейтін. Мектептен шыға сала асық атып, лонгі тебуші едік. Әрқайсысымыз бір-бір шыбықты ат қылып мініп, ауылды аралайтынбыз. Кеш табыса, тығылмаққа кірісеміз. Осының арасында әкемізге жәрдемдесуге, анамызға қолғабыс етуге үлгіретін едік.

Бүгін кей ойындарды Наурыз мейрамынан басқа уақытта көрмейтін болдық. Тіпті, қаланы айтпағанның өзінде ауыл балаларының асық ұстап жүргенін сирек көреміз. Кітаптың орнын – қалта телефон, ойынның орнын компьютер басып тұр қазір. Техникадан тәлім алған жеткіншектер өзімізге өгей болып барады. Заманның талабы десек те, таяқтың екінші ұшын әңгіме қылуды жөн көрдік.

Қазір қаламыздағы екі көшенің бірінде ойын автоматтары саямсап тұр. Бас сұға қалсаңыз, бос уақытында біліммен, болмаса спортпен айналысуы тиіс жастар қарасының көптігін байқайсыз. Көпшілігі ұтам деген дәммен барады онда. Талайдың қалтасын қакқан ойын ордасынан кейде ағаларды қолжықтырасын. Бір үйдің отағасы ойын ордасынан көргенде жастарға тағар айып та таппайсыз. Бұл – сырттағы компьютерлік ойындардың көрінісі. Ал үйдегі балаңыз сол компьютердің алдында не істейтініне көз салып көрдіңіз бе? Ойындарының барлығы дерлік атыс-шабыс пен кантөгес. Оның бала санасына қаншалықты әсер ететінін ойламаймыз. Ес білмеген шағынан ермегі осы болса, болашағынан қандай үміт күтеміз. Біз елей бермейтін сол кішкентай нәрселер, ұрпақтың ертеңіне балта шабады. Жеткіншектің жеті жасына дейін мінезі қалыптасып, қажетті ақпаратты қабылдайтынын дәрігерлер қайталап айтады. Ал біз...

Құмар ойындар турасында айтқанда ескі базар маңындағы «Алик, малик, шарик» ойыны өзінен-өзі орала кетеді.



АРЗАН ӘРІ АУҚЫМДЫ БАЙЛАНЫС

Кселл компаниясының Қазақстаннан тысқары жерлерде демалыста немесе ісәнарда жүріп нөмірді өзгертістен достарыңыз және әріптестеріңізбен қалыпты байланыста болуға мүмкіндік беретін роуминг қызметін пайдаланушылар қатары күн санап өсіп келеді. Біздің «Кселл» компаниясының облыстық филиалының директоры Ержан Бисалиевпен әңгіміміз осы қызметтің тұтынушыға тиімді тұстары жайлы өрбиді.

– Ержан Нұржанұлы, алдымен роумингте қалай үнемдеуге болатыны туралы пайдалы кеңестеріңізді айтап өтсеңіз?

– Бастысы www.kcell.kz және www.activ.kz сайттарындағы пайдалы нұсқаулық смартфон иелеріне өзінің тұтынатын интернет трафигінің көлемін бақылауға алып, сәйкесінше роумингке жұмсалатын қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде әлемнің 181 еліндегі 396 оператор Кселл абоненттері үшін роуминг қызметін көрсетеді. Сонымен бірге, Актив абоненттері үшін бұл қызметті дүниежүзінің 107 еліндегі 228 ұялы байланыс операторы ұсынады. Тағы бір айта кетерлігі, Kcell және актив абоненттері үшін шетелдегі 70-тен аса елде кіріс қоныраулардың құны бар-жоғы 50 тенге тұрады. Енді «Роуминг қонырау шалу» науқаны аясында бір минут ішінде 50 тенгеге әлемнің 70-тен аса елінен Қазақстанға қонырау шалуға болады. Ол үшін *135* сандарынан кейін, толығымен мобильдік телефон нөмірін және # таңбасын тересіз болды. Қазақстанда орналасқан абонент үшін сіздің шалған қонырауыңыз тегін болады. Бұл қызметті Kcell және актив абоненттері пайдалана алады.

– Ал «Супер роуминг» және «Ұшқыр роуминг» науқанының тиімділігі неде?

– Актив абоненттерінде әлемнің 40 елінде «Супер роуминг» науқаны шеңберінде 39 тенгеге қонырау шалуға, қонырау қабылдауға, смс жіберуге және интернетке шығуға мүмкіндік бар. Яғни, Қазақстанға шалынатын шығыс қоныраулардың және кіріс қоныраулардың бір минуты 39 тенге, ал бір смс хабарлама және бір Мб интернет 39 тенге тұрады. Негізінен бұл қызмет желі қонырау шалынатын елдерде, атап айтқанда, Түркия, Қытай, Ресей, БАӘ, Тайланд, Италия, Франция және Ұлыбританияда әрекет етеді. Ал, интернетті белсенді қолданатындар үшін біз «Ұшқыр роуминг» нұсқасын ұсындық. Осы қызмет аясында 499 тенгеге күнделікті Интернет-пакеттің 20 мегабайттың немесе 1990 тенгеге 100 мегабайттың интернет көлемін алуға болады. Аталған қызметтер Ресей, Түркия, Грузия, Әзірбайжан және Өзбекстан елдеріне сапарлап барған қазақстандықтар арасында үлкен сұранысқа ие болып үлгерді. Аталмыш қызмет келер жылдың 31 қаңтарына дейін әрекет ететін болды. Науқан актив абоненттеріне

ғана арналған.

– Оқырмандар роуминг клуб эксклюзивті бонустық бағдарламасы жайында да білгісі келеді.

– Көп саяхат жасайтын абоненттерге арнап «Кселл» компаниясы Роуминг клуб атты эксклюзивті бонустық бағдарламасын ұсынды. Бағдарламаның маңыздылығы зор. Сонымен қатар біздің абоненттерге роумингте қонырау шалып, интернетті қолданғаны үшін миллиард жазылады және оның белгілі бір көлемін жинаған соң оларды авиабилетке болмаса қонақ үйде көрсететін қызметтер түріне айырбастап алуға болады. Сондай-ақ, миллиарды есептеп беру тәсілі де онай. Мәселен, роумингке жасалған әрбір 1000 тенге үшін біздің абоненттер 10 мың алады. Және клубтың мүшесі атану да қиын емес. Ол үшін біріншіден, біздің сайтмыздың Роуминг клуб таурауында көрсетілген «Серіктестің доғалдығы» атты бағдарламаға тіркеліп, кейін клубқа жазыласыз. Клубымызға қосылсаңыз сіз сыйлыққа 100 мың аласыз. Бағдарлама 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін әрекет ететін болады.

– Activ, kcell абоненттері өздерінің мобильдік телефоны арқылы роумингке қалай қосыла алады?

– Мобильдік телефон арқылы роумингке қосылу үшін *123# немесе *145# таңбалары теріледі. Қосылу үшін 3330 нөміріне DA сөзін мәтінді латын әріпмен жазып, тегін SMS хабарлама арқылы жіберіп, ал қызметті өшіру үшін NET сөзін жібереміз. Сонымен қатар банк картасымен роумингтегі төңгерімдізді толтыру үшін epay.kcell.kz/epay.activ.kz сайттарына кіріп, Қазкоммерцбанк картасының иесі болсаңыз www.homebank.kz сайты арқылы төлеуге болады. Егер оператордың сізге жолдайтын смс хабарламаларын оқып жүрсеніз, роумингті қалай барынша ұтымды пайдалануға болатындығы жөнінде көптеген кеңестер ала аласыз. Егерде сым-қартаны ауыстыру қажет болған жағдайда, әлемнің алты еліне біздің клиенттерге қызмет көрсетілді.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

2015 жылдың 25 желтоқсаны күні сағат 11.00-де Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің мәжіліс залында салық және кеден заңнамаларындағы жаңа толықтырулар мен өзгерістерді түсіндіру бағытындағы семинар-кеңес ететін хабарлаймыз.

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті.

Менің иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі 70-00-36
телефакс

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

рубрика және аппарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
ауылмен және саясат - 70-00-41
қаржы - 70-00-49, 70-00-52
есепшілік - 70-00-38, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлмесі

мәңішкі тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұматәлі Табылбаев - 8724 38 234-07
Шнелі, Жаңақорған: Нұржан Елтай - 8724 32 4-59-51

е-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет сәйкесіміз, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Ақпарат және мәдениет министрлігі Тіркеу күнін №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Авторларға қаламыз газеті бойынша теленді, қолжазба өңдеу және қайтарымдар: Жарыққа шығатын материалдар қазақстан тіліндегі.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатыпты, "Сыр медиа" ЖШС-ке бақылаушылар бақылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4.

Газеттің таратылуы: "Транзит" - 23-54-51, "Еркін-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция менен-қайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы: 22621

Талпырыс № 1327

Электронды оқылым – 28000.

Бақытжан КАЛЫМБЕТ.

